

ҒТАХА 03.20.91

DOI: <https://doi.org/10.62724/202610104>

Құрманалин Самат Бақытжанұлы^{*1}

Тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан, samatbk71@mail.ru,
ORCID ID 0000-0001-7670-9495

БАЙМАҒАМБЕТ АЙШУАҚҰЛЫНЫҢ ТАРИХИ ТҰЛҒАСЫН БАҒАЛАУДАҒЫ ҚАЙШЫЛЫҚТАР: ҰЛТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ЖӘНЕ ОТАРЛЫҚ ӘКІМШІЛІК КОНТЕКСТІ

Аңдатпа. Мақалада XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Кіші жүздің билеуші-сұлтаны Баймағамбет Айшуақұлының тарихи тұлғасын бағалаудағы қайшылықтар ұлт-азаттық қозғалыс пен отарлық әкімшілік жүйе контексінде қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – Баймағамбет Айшуақұлының саяси қызметін дәуірдің әлеуметтік-саяси жағдайымен сабақтастыра отырып, оның тарихи рөлін кешенді түрде талдау және тарихнамалық біржақтылықты айқындау.

Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, жүйелі талдау және тарихнамалық интерпретация әдістері қолданылды. 1824 жылғы Орынбор реформасынан кейінгі басқару жүйесінің өзгерістері, хандық биліктің әлсіреуі және империялық әкімшілік құрылымының күшеюі жағдайындағы жергілікті элитаның саяси тандауы талданды.

Нәтижесінде Баймағамбет Айшуақұлының қызметі біржақты бағалауға сыймайтын күрделі тарихи құбылыс екендігі анықталды. Оның Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалысқа қарсы ұстанымы отарлық билікке қызмет етумен ғана емес, дәстүрлі басқару институттарын сақтап қалуға бағытталған саяси ұстанымымен де байланысты болғаны көрсетілді.

Қорытындылай келе зерттеу тұлғаны өз дәуірінің институционалдық шектеулері мен саяси трансформациялары аясында қарастыру қажеттігін негіздейді.

Кілт сөздер. Баймағамбет Айшуақұлы, Кіші жүз, XIX ғасыр, Кенесары қозғалысы, ұлттық-азаттық қозғалыс, отарлық әкімшілік, 1824 жылғы Орынбор реформасы, билеуші-сұлтан институты, тарихнамалық талдау.

Курманалин Самат Бақытжанович^{*1}

Кандидат исторических наук, профессор, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Уральск, Казахстан, samatbk71@mail.ru,
ORCID ID 0000-0001-7670-9495

ПРОТИВОРЕЧИЯ В ОЦЕНКЕ ИСТОРИЧЕСКОЙ ЛИЧНОСТИ БАЙМАГАМБЕТА АЙШУАКУЛЫ: КОНТЕКСТ НАЦИОНАЛЬНОГО ДВИЖЕНИЯ И КОЛОНИАЛЬНОЙ АДМИНИСТРАЦИИ

Аннотация. В статье рассматриваются противоречия в оценке исторической личности правителя-султана Младшего жуза Баймагамбета Айшуакулы в контексте национально-освободительного движения и колониальной административной системы первой половины XIX века. Цель исследования – комплексный анализ политической деятельности Баймагамбета Айшуакулы с учетом социально-политических условий эпохи и выявление историографической односторонности в его оценке.

В работе использованы методы историко-сравнительного анализа, систематизации и историографической интерпретации. Проанализированы изменения системы управления после реформы 1824 года, ослабление ханской власти и усиление имперской административной структуры, а также проблема политического выбора местной элиты.

В результате установлено, что деятельность Баймагамбета Айшуакулы представляет собой сложное историческое явление, не поддающееся однозначной оценке. Его позиция по отношению к движению Кенесары Касымулы была обусловлена не только службой колониальной администрации, но и стремлением сохранить традиционные институты власти.

Сделан вывод о необходимости рассмотрения данной исторической личности в контексте институциональных ограничений и политических трансформаций эпохи.

Ключевые слова. Баймагамбет Айшуакулы, Младший жуз, XIX век, движение Кенесары, национально-освободительное движение, колониальная администрация, реформа 1824 года, институт правителя-султана, историографический анализ.

Kurmanalin Samat Bakytzhanuly*1

Candidate of historical sciences, professor, West Kazakhstan Innovation and Technology University, Uralsk, Kazakhstan, samatbk71@mail.ru, ORCID ID 0000-0001-7670-9495

CONTRADICTIONS IN INTERPRETING THE HISTORICAL FIGURE OF BAYMAGAMBET AISHUAKULY: NATIONAL MOVEMENT AND COLONIAL ADMINISTRATIVE CONTEXT

Abstract. This article examines the contradictions in assessing the historical figure of Baymagambet Aishuakuly, the ruling sultan of the Junior Zhuz in the first half of the XIXth century, within the context of the national liberation movement and the colonial administrative system. The purpose of the study is to provide a comprehensive analysis of Baymagambet Aishuakuly's political activity in relation to the socio-political conditions of the period and to identify historiographical biases in his evaluation.

The research employs historical-comparative analysis, systematization, and historiographical interpretation. The study analyzes the transformation of the administrative system following the 1824 Orenburg reform, the weakening of the khanate institution, the strengthening of imperial governance, and the political choices faced by the local elite.

The findings demonstrate that Baymagambet Aishuakuly's activities constitute a complex historical phenomenon that cannot be interpreted in a one-sided manner. His opposition to the movement led by Kenesary Kasymuly was shaped not only by cooperation with the colonial administration but also by an attempt to preserve traditional institutions of authority.

The study concludes that this historical figure should be evaluated within the framework of institutional constraints and political transformations of the era.

Key words. Baymagambet Aishuakuly, Junior Zhuz, 19th century, Kenesary movement, national liberation movement, colonial administration, 1824 reform, ruling sultan institution, historiographical analysis.

Кіріспе. XIX ғасырдың бірінші жартысы қазақ қоғамының саяси құрылымы мен әлеуметтік жүйесінде түбегейлі өзгерістер орын алған тарихи өтпелі кезең ретінде сипатталады. Бұл кезеңде дәстүрлі хандық билік институты әлсіреп, оның орнына Ресей империясының әкімшілік-саяси басқару жүйесі біртіндеп орныға бастады. 1824 жылғы

«Орынбор қазақтары туралы жарғы» және кейінгі реформалар нәтижесінде хандық басқару жүйесі жойылып, билеуші-сұлтан институты енгізілді. Аталған өзгерістер қазақ даласындағы билік құрылымының мазмұны мен сипатын ғана емес, жергілікті элитаның әлеуметтік-саяси рөлін де қайта айқындады.

Осы тарихи жағдайда Кіші жүздің билеуші-сұлтаны Баймағамбет Айшуақұлының тұлғасы айрықша назар аудартады. Ол – бір жағынан, дәстүрлі Шыңғыс әулетінің өкілі ретінде хандық биліктің мұрагерлік легитимділігін сақтауға ұмтылған тұлға, екінші жағынан, империялық әкімшілік құрылымына енген саяси актор. Оның Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа қарсы ұстанымы, патша әкімшілігімен ынтымақтастығы және ішкі саяси қайшылықтардағы рөлі тарихнамада түрлі, кей жағдайда бір-біріне қарама-қарсы бағаларға ие болды.

Кеңестік кезеңдегі зерттеулерде Баймағамбет Айшуақұлы көбіне отарлық билікке қызмет еткен, ұлттық мүддеге қарсы әрекет жасаған тұлға ретінде сипатталды [1]. Ал тәуелсіздік жылдарындағы ұлттық тарихи сананың жаңғыруы жағдайында да оның бейнесі көбінесе Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалысқа қарсы тұрған саяси күштің өкілі ретінде қабылданды. Дегенмен мұндай бағалаулар көбіне ұлттық-азаттық күрес парадигмасы аясында қалыптасып, тұлғаның әрекеттерін сол дәуірдің институционалдық, саяси және әлеуметтік шектеулерімен байланыстыра талдауға жеткілікті деңгейде мән бермейді.

XIX ғасырдың 20–40-жылдары қазақ даласында қалыптасқан саяси ахуал жергілікті элитаның алдында күрделі таңдау қойды: империялық басқару жүйесіне бейімделу арқылы биліктің белгілі бір деңгейін сақтап қалу немесе орталықтанған хандық мемлекеттілікті қалпына келтіруге бағытталған қарулы қозғалыстарды қолдау [2]. Осы дилемма аясында Баймағамбет Айшуақұлының саяси ұстанымы тек жеке мүдденің немесе саяси конъюнктураның нәтижесі емес, сонымен қатар дәстүрлі басқару институтын сақтап қалу мүмкіндіктерінің шектеулі жағдайында жасалған тарихи таңдау ретінде қарастырылуы мүмкін.

Осыған байланысты мақалада Баймағамбет Айшуақұлының тарихи тұлғасын ұлт-азаттық қозғалыс және отарлық әкімшілік контекстінде кешенді түрде талдау мақсат етіледі. Зерттеу міндеттері ретінде:

1. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Кіші жүздегі саяси трансформациялардың сипатын анықтау;
2. Баймағамбет Айшуақұлының саяси қызметін нақты тарихи жағдайлармен байланыстыра талдау;
3. оның тұлғасына берілген тарихнамалық бағалаулардағы қайшылықтарды айқындау көзделеді.

Мақаланың ғылыми жаңалығы Баймағамбет Айшуақұлының қызметін біржақты бағалаудан бас тартып, оны өтпелі кезеңдегі дәстүрлі элитаның трансформациясы аясында қарастыруға талпыныс жасауымен айқындалады. Бұл тәсіл XIX ғасырдағы қазақ қоғамының ішкі саяси қайшылықтарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Мақалада Баймағамбет Айшуақұлының тарихи тұлғасын XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ұлт-азаттық қозғалыс және отарлық әкімшілік контекстінде кешенді талдау мақсатында дереккөздердің кең ауқымы пайдаланылды. Зерттеудің деректік негізін үш топқа бөлуге болады:

Бірінші топқа ресми құжаттар мен іс қағаздары материалдары жатады. Атап айтқанда, 1824 жылғы «Орынбор қазақтары туралы жарғы» және оны жүзеге асыру барысында қабылданған әкімшілік нұсқаулықтар зерттеудің құқықтық негізін құрайды. Орынбор шекара комиссиясының есептері мен хаттамалары «Материалы по истории Казахской ССР» (IV том) жинағында жарияланған [3]. Бұл дереккөздер Кіші жүздегі

билеуші-сұлтандар институтының қызмет ету тетіктерін, олардың өкілеттік шекарасын және империялық әкімшілікпен өзара қарым-қатынас сипатын айқындауға мүмкіндік береді.

Екінші топты тарихнамалық дереккөздер құрайды. Бұл ретте патшалық, кеңестік және тәуелсіздік кезеңдерінде жарық көрген зерттеу еңбектері жүйеленіп, салыстырмалы талдаудан өткізілді. Патшалық кезең тарихнамасынан А.И. Левшин, Л. Мейер сияқты авторлардың еңбектері империялық әкімшіліктің Кіші жүздегі саясатын түсінуге септігін тигізді. Кеңестік кезеңдегі зерттеулерден Е.Б. Бекмахановтың «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20–40 жылдарында» [2] атты монографиясы Кенесары қозғалысы мен оған қарсы тұрған сұлтандардың әрекетін таптық тұрғыдан бағалаудың классикалық үлгісі ретінде маңызды. Н.Г. Аполлованың [6] еңбектері қазақ даласының Ресейге қосылу процесін сипаттаудағы кеңестік әдіснаманың ерекшеліктерін көрсетеді.

Үшінші топқа тәуелсіздік кезеңіндегі зерттеулер мен арнайы монографиялық еңбектер кіреді. Ж.Қ. Қасымбаевтың «Генерал, султан-правитель Баймухамед Айшуақов» [1] атты еңбегі Баймағамбет Айшуақұлының өмірі мен қызметіне арналған жалғыз арнайы зерттеу ретінде бағалы деректер мен архивтік материалдарды қамтиды. Автордың «Кенесары хан» [4] монографиясы да қозғалыс тарихын жан-жақты талдауға мүмкіндік береді. М.Қ. Қозыбаевтың [7], Ж.О. Артықбаевтың [5], Т.О. Омарбековтың [8] еңбектерінде ұлттық тарихты қайта пайымдаудың әдіснамалық тәсілдері ұсынылған. И.В. Ерофееваның [9] зерттеуі Шыңғыс әулеті өкілдерінің саяси қызметін талдауда маңызды теориялық-әдіснамалық мәні бар еңбек болып табылады.

Мақаланың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес бірнеше ғылыми әдістер кешенді түрде қолданылды:

Тарихи-салыстырмалы әдіс Баймағамбет Айшуақұлы қызметінің әртүрлі аспектілерін салыстыруға, оның саяси ұстанымын басқа тарихи тұлғалармен және әр кезеңдегі тарихнамалық бағалаулармен салыстыра отырып талдауға мүмкіндік берді. Бұл әдіс арқылы патшалық, кеңестік және тәуелсіздік кезеңдеріндегі интерпретациялардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқындалды.

Жүйелі талдау әдісі ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы Кіші жүздегі саяси процестерді өзара байланысты және өзара әсер ететін элементтердің тұтас жүйесі ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Бұл әдіс Баймағамбет Айшуақұлының қызметін жеке-дара емес, сол дәуірдегі институционалдық трансформациялармен, аймақтық ерекшеліктермен және әлеуметтік-саяси қайшылықтармен байланыстыра талдауға негіз болды.

Тарихнамалық интерпретация әдісі әр түрлі тарихи кезеңдерде Баймағамбет Айшуақұлы тұлғасына берілген бағалардың эволюциясын, олардың идеологиялық және методологиялық негіздерін айқындауға мүмкіндік берді. Бұл әдіс тарихи білімнің даму контекстінде тұлғаны бағалаудағы қайшылықтардың себептерін ашып көрсетті.

Проблемалық-хронологиялық әдіс зерттелетін мәселенің дамуын хронологиялық реттілікпен қарастыруға және әрбір тарихи кезеңдегі ерекшеліктерді айқындауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар зерттеу барысында саяси трансформация теориясы мен элита тарихы бағытындағы әдіснамалық ұстанымдар басшылыққа алынды. Бұл тәсіл Баймағамбет Айшуақұлының қызметін өтпелі кезеңдегі дәстүрлі элитаның өзгеріп жатқан саяси жағдайға бейімделу стратегиясы ретінде қарастыруға теориялық негіз болды.

Зерттеу әдістерінің кешенді қолданылуы Баймағамбет Айшуақұлының тарихи тұлғасын біржақты бағалаудан бас тартып, оны ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы күрделі әлеуметтік-саяси процестер аясында жан-жақты талдауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер және оларды талқылау.

I. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Кіші жүздегі саяси трансформация және билік жүйесінің өзгеруі

XIX ғасырдың алғашқы онжылдықтары Кіші жүз аумағында дәстүрлі саяси құрылымның біртіндеп ыдырауымен және империялық басқару жүйесінің орнығуымен сипатталды. XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында Ресей империясының шекаралық аймақтардағы ықпалы күшейіп, қазақ даласын әкімшілік тұрғыдан қайта ұйымдастыру үдерісі жүйелі сипат ала бастады. Бұл үдерістің құқықтық негізі 1824 жылғы «Орынбор қазақтары туралы жарғы» болды [3].

Аталған жарғының енгізілуі хандық биліктің жойылуына және оның орнына билеуші-сұлтан институтының қалыптасуына алып келді. Егер дәстүрлі хандық жүйеде билік легитимдігі Шыңғыс әулетінің мұрагерлік құқығына және даладағы саяси беделге негізделсе, жаңа әкімшілік модельде билік империялық құрылымға тәуелді қызметтік лауазым ретінде қайта анықталды. Билеуші-сұлтандар формалды түрде жергілікті басқару функцияларын атқарғанымен, олардың өкілеттігі Орынбор шекара комиссиясы мен әскери губернатордың бақылауында болды.

Бұл өзгерістер қазақ қоғамының саяси табиғатына түбегейлі ықпал етті. Біріншіден, хандық биліктің орталықтандырушы рөлі әлсіреді. Екіншіден, дәстүрлі элита өкілдері бұрынғы дербестігінен айырылып, империялық әкімшілік жүйесіне кіріктірілді. Үшіншіден, даладағы билік құрылымы формалды және бейресми ықпал тетіктерінің күрделі тоғысуына айналды [1]. Осы жағдайда жергілікті ақсүйектер алдында саяси таңдау мәселесі тұрды: жаңа жүйеге бейімделу немесе оған қарсы тұру.

Кіші жүздегі саяси ахуал тек әкімшілік реформалармен ғана емес, ішкі әлеуметтік қайшылықтармен де күрделене түсті. Жер мәселесінің шиеленісуі, көшіп-қону кеңістігінің тарылуы, шекаралық шептердің бекітілуі және казак әскерлерінің ықпалы көшпелі қоғамның экономикалық негізіне соққы берді. Мұндай жағдайда халық наразылығы күшейіп, Жоламан Тіленшіұлы, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы, кейінірек Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыстардың пайда болуына алғышарттар қалыптасты [4].

Сонымен бірге империялық билік дәстүрлі элитаны толық ығыстырып тастаудан гөрі, оны басқару жүйесіне тарту арқылы ықпалын нығайтуды көздеді. Шыңғыс әулетінің өкілдері билеуші-сұлтан лауазымдарына тағайындалып, формалды мәртебе сақталғанымен, олардың дербестігі айтарлықтай шектелді. Бұл жағдай саяси екіұштылық туғызды: бір жағынан, элита өкілдері империямен ынтымақтастық арқылы өз әлеуметтік позициясын сақтауға тырысты, екінші жағынан, олар дәстүрлі билік құрылымының беделін жоғалту қаупімен бетпе-бет келді [5].

XIX ғасырдың 30–40-жылдары бұл қайшылықтар айқындала түсті. 1844–1845 жылдардағы басқару жүйесіне енгізілген өзгерістер сұлтандар институтының болашағын одан әрі күмәнді етті. Империялық орталықтандыру күшейген сайын даладағы автономиялық басқару элементтері қысқара берді. Осындай тарихи жағдайда билеуші-сұлтандардың әрекеттері тек жеке саяси ерік-жігердің көрінісі емес, институционалдық шектеулер мен империялық қысым жағдайындағы амалдық стратегия ретінде бағалануы тиіс.

Демек, Кіші жүздегі XIX ғасырдың бірінші жартысындағы саяси трансформация дәстүрлі хандық мемлекеттіліктің әлсіреуімен, жаңа әкімшілік модельдің орнығуымен және жергілікті элитаның әлеуметтік-саяси мәртебесінің өзгеруімен сипатталды. Бұл күрделі кезең Баймағамбет Айшуақұлы сияқты тұлғалардың қызметін түсінуде шешуші маңызға ие. Оның саяси ұстанымын бағалау үшін ең алдымен осы тарихи құрылымдық өзгерістерді ескеру қажет.

II. Баймағамбет Айшуақұлының саяси қызметі және Кенесары қозғалысы контекстіндегі ұстанымы

Баймағамбет Айшуақұлы XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Кіші жүздің саяси өмірінде маңызды рөл атқарған тұлғалардың бірі болды. Шыңғыс әулетінің өкілі ретінде ол дәстүрлі билік легитимділігінің символдық мұрагері саналды. Алайда оның қызметі хандық институт жойылғаннан кейінгі жаңа әкімшілік жүйе жағдайында жүзеге асты. Сондықтан оның саяси әрекеттерін түсіну үшін жеке тұлғалық фактордан гөрі, билік құрылымының трансформациясын ескеру қажет.

Баймағамбет Айшуақұлы билеуші-сұлтан ретінде империялық әкімшілік жүйесінің құрамдас бөлігіне айналды. Оның өкілеттігі белгілі бір аумақ шеңберінде шектелді және қызметі Орынбор әкімшілігінің бақылауында болды. Бұл жағдай оның саяси дербестігін айтарлықтай шектегенімен, жергілікті деңгейде ықпал ету мүмкіндігін толық жойған жоқ. Ол дәстүрлі рулық құрылым мен империялық басқару арасындағы делдалдық рөл атқарды.

Тарихнамалық ең үлкен қайшылық оның Кенесары Қасымұлы бастаған ұлттық-азаттық қозғалысқа қатысты ұстанымына байланысты туындайды. Кеңестік кезеңдегі еңбектерде Баймағамбет Айшуақұлы Кенесары қозғалысына қарсы тұрған, патша үкіметінің сенімді тірегі болған феодалдық топтың өкілі ретінде сипатталды. Бұл интерпретацияда оның қызметі әлеуметтік-таптық көзқарас негізінде бағаланып, отарлық әкімшілікпен ынтымақтастығы теріс мазмұнда түсіндірілді.

Кіші жүздегі жағдайды сипаттай отырып, Ж. Қасымбаев өз еңбегінде Кенесарының негізгі күштерінен оқшаулануы және Баймағамбет басқаратын аймақты толық бақылауға ала алмауы көрсетіледі. Сонымен қатар, бір маңызды тұжырым бар: «жергілікті Шыңғыс әулетінің ешқайсысы Кенесарының жолын тоқтатуға батылы бармады» [1, 127 б]. Бұл жерде Баймағамбет толық әскери қарсылас болмағаны байқалады. Тағы бір эпизодта Баймағамбет Айшуақұлы мен Ахмет Жантөреұлының шайқасқа белсенді қатыспағаны айтылады. Бұл дерек оның Кенесарыға қарсы күресі әрдайым шешуші сипатта болмағанын көрсетеді [1, 125 б].

Алайда мәселені тек «ұлттық қозғалысқа қарсы» немесе «отарлық билікке қызмет етті» деген қарапайым бинарлық схемаға сыйғызу тарихи шындықты толық ашпайды. Кенесары Қасымұлы қозғалысының басты мақсаты – орталықтанған хандық билікті қалпына келтіру еді. Бұл өз кезегінде Кіші жүздегі билеуші-сұлтандардың саяси мәртебесін әлсіретуі немесе жоюы мүмкін болатын. Демек, Баймағамбет Айшуақұлы үшін Кенесары қозғалысы тек отарлық жүйеге қарсы күрес қана емес, билік құрылымының қайта бөлінуін білдіретін фактор болды.

Бұдан бөлек, Кіші жүздегі әлеуметтік-саяси жағдай Орта жүзбен салыстырғанда өзгеше болды. Империялық шептердің тығыз орналасуы, Орынбор әкімшілігінің тікелей ықпалы және ішкі рулық қайшылықтар Кенесары қозғалысының бұл аймақта кең қолдау табуына кедергі келтірді. Осындай жағдайда Баймағамбет Айшуақұлы империялық билікпен ынтымақтастықты аймақтық тұрақтылықты сақтау амалы ретінде қарастыруы ықтимал.

Сонымен бірге оның әрекеттерінде жеке билік мүддесі де жоққа шығарылмайды. Билеуші-сұлтан мәртебесі оған белгілі бір әлеуметтік артықшылықтар мен саяси ықпал берді. Империялық әкімшілікке адалдық таныту осы позицияны сақтаудың бір тетігі болды. Алайда бұл факторды абсолюттендіру тарихи тұлғаның қызметін біржақты бағалауға алып келеді.

Баймағамбет Айшуақұлының саяси ұстанымын өтпелі кезең элитасының стратегиясы ретінде қарастыру анағұрлым негізді көрінеді. Ол дәстүрлі билік құрылымының толық күйреуі жағдайында өзінің әулеттік және әлеуметтік позициясын

сақтауға, сонымен қатар аймақтағы тәртіпті қамтамасыз етуге ұмтылды. Бұл ұстаным Кенесары қозғалысының идеясымен сәйкес келмегенімен, оны автоматты түрде «ұлт мүддесіне қарсы» деп бағалау тарихи контекстті елемеу болар еді.

Осылайша, Баймағамбет Айшуақұлының қызметі ұлттық-азаттық қозғалыс пен отарлық әкімшілік арасындағы текетірес кеңістігінде қалыптасқан күрделі саяси құбылыс болып табылады. Оның тұлғасын бағалау кезінде XIX ғасырдың бірінші жартысындағы институционалдық шектеулерді, элита трансформациясын және аймақтық ерекшеліктерді ескеру қажет.

III. Баймағамбет Айшуақұлы тұлғасының тарихнамалық интерпретациясы: бағалаудағы эволюция мен методологиялық ұстанымдар

Баймағамбет Айшуақұлының тарихи тұлғасын бағалау әр кезеңдегі идеологиялық және методологиялық ұстанымдарға тәуелді түрде өзгеріп отырды. Сондықтан оның қызметін объективті түсіну үшін дереккөздерді ғана емес, оларды түсіндіру парадигмасын да талдау қажет.

1. Патшалық кезең тарихнамасы

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы ресми еңбектерде Баймағамбет Айшуақұлы империялық әкімшілікке адал қызмет еткен жергілікті элита өкілі ретінде сипатталды. Бұл кезеңдегі деректер көбіне әкімшілік құжаттарға, әскери есептерге және шекара комиссиясының материалдарына негізделді. Мұндай еңбектерде оның қызметі «тәртіпті сақтаушы», «империялық реформаларды жүзеге асырушы» ретінде бағаланды.

Патшалық кезең құжаттарында Баймағамбет Айшуақұлы империялық тәртіпті сақтауға ықпал еткен сенімді тұлға ретінде сипатталады. «Материалы по истории Казахской ССР» жинақтарында жарияланған Орынбор шекара комиссиясының есептерінде Кіші жүздегі билеуші-сұлтандардың міндеті «тәртіпті қамтамасыз ету», «шекара қауіпсіздігін сақтау» деп көрсетіледі [3]. Бұл деректерде Баймағамбет есімі әкімшілік сенімге ие тұлғалар қатарында аталады.

Алайда бұл бағалаулардың шектеулігі айқын: олар жергілікті қоғамның ішкі динамикасын, ұлттық қозғалыстың мазмұнын және элитаның екіұдай жағдайын толық қамтымады. Баймағамбет бейнесі отарлық әкімшілік логикасы тұрғысынан түсіндірілді.

2. Кеңестік кезеңдегі интерпретация

Кеңестік тарихнамада Баймағамбет Айшуақұлының бейнесі түбегейлі өзгерді. Бұл кезеңде тарих әлеуметтік-таптық әдіснама негізінде жазылды. Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыс ұлттық-азаттық сипатта бағаланып, оған қарсы тұрған күштер «феодалдық-реакциялық топ» ретінде сипатталды.

Осы парадигма аясында Баймағамбет Айшуақұлы патша үкіметінің тірегі, халық қозғалысына қарсы әрекет еткен сұлтан ретінде бейнеленді. Оның саяси таңдауы әлеуметтік-таптық мүдденің көрінісі ретінде түсіндірілді. Кеңестік еңбектерде тұлғаның институционалдық шектеулері немесе аймақтық ерекшеліктері кеңінен қарастырылмады. Бағалау көбіне идеологиялық айқындыққа негізделді.

Кеңестік кезеңде Кенесары Қасымұлы қозғалысы ұлттық-азаттық сипатта бағаланып, оған қарсы тұрған сұлтандар «феодалдық-реакциялық топ» ретінде сипатталды. Бұл көзқарастың классикалық үлгісі – Ермұхан Бекмаханов еңбектері.

Е. Бекмаханов өзінің «Қазақстан XIX ғасырдың 20–40 жылдарында» атты монографиясында [2] Кенесары қозғалысын отарлық езгіге қарсы жалпыұлттық күрес ретінде сипаттай отырып, патша үкіметіне сүйенген сұлтандардың әрекетін халық мүддесіне қайшы деп бағалайды. Онда Кіші жүздегі кейбір сұлтандардың патша әкімшілігімен ынтымақтастығы қозғалыстың кең өрістеуіне кедергі келтірген фактор

ретінде көрсетіледі. Бұл контекст аясында Баймағамбет Айшуақұлы да отарлық жүйемен байланысты билеуші ретінде қарастырылады.

Алайда кеңестік тарихнаманың методологиялық шектеулігі – саяси процестерді әлеуметтік-таптық категориялар арқылы түсіндіруінде. Мысалы, Н. Аполлова еңбектерінде қазақ даласының Ресейге қосылуы «прогрессивті тарихи құбылыс» ретінде бағаланып [6], жергілікті элитаның империялық құрылымға кірігуі тарихи заңдылық ретінде сипатталады. Мұндай тәсілде тұлғалардың жеке саяси таңдауына емес, олардың «таптық сипатына» басымдық берілді.

3. Тәуелсіздік кезеңіндегі қайта бағалау

Қазақстан тәуелсіздігінен кейін ұлттық тарихты қайта пайымдау үдерісі басталды. Бұл кезеңде Кенесары қозғалысы ұлттық мемлекеттілік идеясының көрінісі ретінде бағаланды. Соған сәйкес оған қарсы тұрған тұлғаларға қатысты пікірлер де қайта қарала бастады.

Дегенмен тәуелсіздік кезеңіндегі зерттеулерде де екі бағыт байқалады. Біріншісі – дәстүрлі ұлттық-патриоттық көзқарас аясында Баймағамбет Айшуақұлын отарлық жүйемен ымыраласқан тұлға ретінде бағалау. Екіншісі – құрылымдық-тарихи тәсілге сүйене отырып, оның қызметін өтпелі кезең элитасының бейімделу стратегиясы ретінде қарастыру.

Қазіргі заманғы зерттеулерде тұлғаны «ұлттық қаһарман» немесе «сатқын» деген қарама-қарсы категорияларға бөлуден гөрі, тарихи жағдайдың күрделілігін ескеру тенденциясы күшейіп келеді. Бұл тәсіл саяси таңдауды жеке моральдық өлшеммен емес, институционалдық, аймақтық және әлеуметтік факторлардың жиынтығы арқылы түсіндіруге мүмкіндік береді.

Тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық тарихты қайта жазу үдерісі басталды. Манаш Қозыбаев өз еңбектерінде отарлық кезеңнің «ақтаңдақтарын» ашуға баса назар аударып, кеңестік идеологиялық схемалардың шектеулігін көрсетті [7]. Ол ұлттық қозғалыстарды мемлекеттілік идеясының көрінісі ретінде қарастыру қажеттігін атап өтті.

Жанұзақ Қасымбаевтың кітап материалдарында Баймағамбет Айшуақұлының империялық нұсқауларды орындаудағы белсенділігі көрсетіледі. Мысалы, 1843 жылғы Шекара комиссиясының тапсырмасы бойынша ол «барлық дистанция бастықтарына және басқа ордалықтарға тез арада жорыққа шығу үшін сенімді қырғыздар жіберуді талап етеді» [1]. Бұл дерек оның әкімшілік жүйе шеңберінде әрекет еткенін айқын көрсетеді. Алайда жорықтың іске аспауы және оған қарсы ішкі оппозицияның пайда болуы (Көсепқали Орманұлы және т.б.) оның билігінің шектеулі болғанын дәлелдейді. Демек, ол абсолютті билік иесі емес, институционалдық қысым мен ішкі рулық қарсыластық жағдайында әрекет еткен тұлға болған.

Сонымен қатар Талас Омарбеков отарлық кезеңдегі қазақ элитасының жағдайын жаңа методологиялық негізде қарастыруды ұсынды [8]. Оның еңбектерінде дәстүрлі элитаның империялық құрылымға бейімделуі біржақты «сатқындық» ретінде емес, тарихи жағдайдың салдары ретінде түсіндіріледі [8].

Ирина Ерофеева Шыңғыс әулеті өкілдерінің саяси қызметін талдай отырып, олардың империялық кеңістіктегі рөлін күрделі саяси стратегия ретінде сипаттайды [9]. Бұл тәсіл Баймағамбет Айшуақұлының әрекетін де элитаның трансформациясы тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді.

Тұжырымдай келе, Баймағамбет Айшуақұлы тұлғасын бағалаудағы қайшылықтар оның қызметінен гөрі, тарихнамалық әдіснаманың өзгеруімен көбірек байланысты. Патшалық кезеңде – империялық әкімшілік логикасы, кеңестік кезеңде – таптық-идеологиялық тәсіл, ал тәуелсіздік кезеңінде – ұлттық мемлекетшілдік парадигма басым болды.

Сондықтан зерттеудің ғылыми міндеті – осы бағалауларды салыстыра отырып, тұлғаның қызметін тарихи контекст аясында қайта зерделеу. Баймағамбет Айшуақұлының саяси ұстанымы XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Кіші жүздегі билік трансформациясының көрінісі ретінде қарастырылғанда ғана объективті түсіндіріле алады.

Қорытынды. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Кіші жүздегі саяси трансформация дәстүрлі хандық билік жүйесінің әлсіреуімен және Ресей империясының әкімшілік құрылымының орнығуымен сипатталды. Бұл үдеріс тек институционалдық өзгерістермен шектелмей, қазақ қоғамындағы билік легитимділігі, элита мәртебесі және саяси таңдаулар табиғатын түбегейлі өзгертті. Осындай күрделі тарихи жағдайда әрекет еткен Баймағамбет Айшуақұлы тұлғасының қызметін біржақты бағалау ғылыми тұрғыдан жеткіліксіз.

Зерттеу нәтижелері корсеткендей, Баймағамбет Айшуақұлының саяси ұстанымы ұлттық-азаттық қозғалысқа қарсы қарапайым позиция ретінде ғана емес, өтпелі кезең элитасының бейімделу стратегиясы ретінде қарастырылуы тиіс. Ол дәстүрлі Шыңғыс әулетінің өкілі бола отырып, жаңа империялық басқару жүйесінде билік құрылымының бір буынына айналды. Бұл оның саяси әрекеттерін дербес шешімнен гөрі, институционалдық шектеулер мен аймақтық жағдайлардың ықпалымен қалыптасқан тарихи таңдау ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыс хандық мемлекеттілікті қалпына келтіру идеясын алға тартса, билеуші-сұлтандар институты империялық модель шеңберінде қызмет етті. Осы тұрғыдан алғанда, Баймағамбет Айшуақұлы үшін Кенесары қозғалысы тек отарлық билікке қарсы күрес емес, аймақтағы саяси биліктің қайта бөліну мәселесін де қамтыды. Демек, оның ұстанымы жеке мүдденің ғана емес, билік құрылымының трансформациясына байланысты объективті факторлардың нәтижесі болды.

Тарихнамалық талдау тұлғаға берілген бағалардың әр кезеңде үстем болған идеологиялық және методологиялық ұстанымдарға тәуелді өзгергенін көрсетті. Патшалық кезеңде ол империялық тәртіпті қамтамасыз етуші ретінде сипатталса, кеңестік дәуірде феодалдық-реакциялық күш өкілі ретінде бағаланды. Тәуелсіздік кезеңінде ұлттық көзқарас басымдық алғанымен, қазіргі зерттеулерде тұлғаны құрылымдық-тарихи контекст аясында қарастыру үрдісі күшейіп келеді.

Мақаланың ғылыми жаңалығы – Баймағамбет Айшуақұлының тарихи тұлғасын ұлттық қозғалыс пен отарлық әкімшілік арасындағы бинарлық қарама-қарсылық шеңберінен шығарып, оны XIX ғасырдағы элитаның трансформациясы контекстінде кешенді талдауында. Бұл тәсіл қазақ қоғамындағы ішкі саяси динамиканы тереңірек түсіндіруге және ұлттық тарихтағы күрделі тұлғаларды бағалауда методологиялық тепе-теңдік сақтауға мүмкіндік береді.

Осылайша, Баймағамбет Айшуақұлының қызметі қазақ қоғамының отарлық кезеңдегі ішкі қайшылықтарын, саяси таңдаудың күрделілігін және дәстүрлі элитаның тарихи эволюциясын айқын көрсететін маңызды феномен ретінде бағалануы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қасымбаев, Ж. К. Генерал, султан-правитель Баймухамед Айшуақов [Текст] / Ж. К. Қасымбаев. – Алматы, 2000. – 188 с.

2 Бекмаханов, Е. Б. Қазақстан XIX ғасырдың 20–40 жылдарында [Текст] / Е. Б. Бекмаханов. – Алматы: Санат, 1994. – 416 б.

3 Материалы по истории Казахской ССР (1785–1828 гг.) [Текст]. Т. IV. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1940. – 412 с.

4 Қасымбаев, Ж. Кенесары хан [Текст] / Ж. Қасымбаев. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 112 б. – ISBN 5-615-01326-5.

5 Артықбаев, Ж. О. Қазақстан тарихы (XVIII–XIX ғасырлар) [Текст] / Ж. О. Артықбаев. – Астана: Фолиант, 2013. – 384 б.

6 Аполлова, Н. Г. Присоединение Казахстана к России в 30-х годах XIX века [Текст] / Н. Г. Аполлова. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1948. – 256 с.

7 Қозыбаев, М. Қ. Ақтандақтар ақиқаты [Текст] / М. Қ. Қозыбаев. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 272 б.

8 Омарбеков, Т. О. Қазақстан тарихының өзекті мәселелері [Текст] / Т. О. Омарбеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 320 б.

9 Ерофеева, И. В. Хан Абулхайр: полководец, правитель и политик [Текст] / И. В. Ерофеева. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 624 с.

REFERENCES

1 Kasymbaev, Zh. K. General, sultan-pravitel' Baimukhamed Aishuakov [General, Sultan-Ruler Baimukhamed Aishuakov]. Almaty, (2000): 188 p. – (In Rus)

2 Bekmakhanov, E. B. Kazakhstan XIX gasyrdyn 20–40 zhyldarynda [Kazakhstan in the 1820s–1840s]. Almaty: Sanat, (1994): 416 p. – (In Kaz)

3 Materialy po istorii Kazakhskoi SSR (1785–1828 gg.). Vol. IV [Materials on the History of the Kazakh SSR (1785–1828)]. Alma-Ata: Izd-vo AN KazSSR, (1940): 412 p. – (In Rus)

4 Kasymbaev, Zh. Kencsary khan [Kencsary Khan]. Almaty: Kazakhstan, (1993): 112 p. – (In Kaz)

5 Artykbaev, Zh. O. Kazakhstan tarikhy (XVIII–XIX gasyrlar) [History of Kazakhstan (18th–19th Centuries)]. Astana: Foliant, (2013): 384 p. – (In Kaz)

6 Apollova, N. G. Prisoedinenie Kazakhstana k Rossii v 30-kh godakh XIX veka [The Accession of Kazakhstan to Russia in the 1830s]. Alma-Ata: Izd-vo AN KazSSR, (1948): 256 p. – (In Rus)

7 Kozybaev, M. K. Aktandaktar akikaty [The Truth about the Blank Spots]. Almaty: Kazakhstan, (1992): 272 p. – (In Kaz)

8 Omarbekov, T. O. Kazakhstan tarikhynyn ozekti maseleleri [Topical Issues of the History of Kazakhstan]. Almaty: Kazakh universiteti, (2010): 320 p. – (In Kaz)

9 Erofeeva, I. V. Khan Abulkhair: polkovodets, pravitel' i politik [Khan Abulkhair: Military Commander, Ruler, and Politician]. Almaty: Daik-Press, (2007): 624 p. – (In Rus)